

"Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30

желтоқсандағы № 195 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 30 наурызыдағы № 29 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 наурызда № 27337 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10176 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 32-бабының 9-тармағына сәйкес

БҮЙЫРАМЫН:";

аталған бүйрықпен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптар осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджет саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

"КЕЛІСІЛДТ"

A. Куантыров

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 30 наурыздағы
№ 29 бұйрығына қосымша

Форма

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 195 бұйрығымен
бекітілген

Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптар

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 32–39-2-баптарына сәйкес әзірленді және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) тәртібін және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды.

Бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) Бюджет кодексінде және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес әзірленеді.

2. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы республикалық бюджет шығыстарының мемлекеттік органның даму жоспарында айқындалған мақсаттармен өзара байланысты бағытын айқындайды.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы республикалық бюджет шығыстарының мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты бағытын айқындайды.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы жергілікті бюджет шығыстарының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті даму жоспарында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты бағытын айқындайды.

3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаны жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және ол тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдерін, бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық

капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштерін қамтиды.

2-тарау. Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу тәртібі және олардың мазмұнына қойылатын талаптар

4. Бюджеттік бағдарлама мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарына және (немесе) бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған бюджет қаражатын жұмсау бағыттарын нақтылайтын кіші бағдарламаларға бөлінуі мүмкін.

Әртүрлі көздер есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалар үшін бюджеттік кіші бағдарлама қаржыландыру көздерінің әрқайсысы үшін бөлінеді.

5. Мемлекеттік органның даму жоспарының немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсатына, бірыңғай түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындастын мемлекеттік қызметтерді көрсету, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, трансфертер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындар көрсетілген шығындарды жекелеген кіші бағдарламаларға бөліне отырып, бір бюджеттік бағдарламаға біріктірілуі мүмкін.

6. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарлама жобасы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы;
- 2) жоспарлы кезең;
- 3) бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы;
- 4) бюджеттік бағдарламаның басшысы;
- 5) бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі;
- 6) бюджеттік бағдарламаның түрі;
- 7) бюджеттік бағдарламаның мақсаты;
- 8) бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері;
- 9) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздеме);
- 10) бюджеттік бағдарламаның шығыстары;
- 11) бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы;
- 12) бюджеттік кіші бағдарламаның түрі;
- 13) бюджеттік кіші бағдарламаның сипатталуы (негіздемесі);
- 14) тікелей нәтиже көрсеткіштері;

15) бюджеттік инвестициялық жобаларға, занды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері;

16) бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары.

7. Бюджеттік бағдарламада бюджеттік кіші бағдарлама болмаған жағдайда, осы Қағидалардың 6-тармағының 11)-13) және 16) тармақшаларында көрсетілген ақпарат бюджеттік бағдарлама нысанында көрсетілмейді.

Бюджеттік кіші бағдарламалары жоқ бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтиже, бюджеттік инвестициялық жобаларға, занды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері бюджеттік бағдарлама деңгейінде көрсетіледі.

8. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарлама жобасы мынадай талаптарға сәйкес әзірленеді:

1) "бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы" деген жолда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің толық атауы және бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес оның коды көрсетіледі;

2) ағымдағы қаржы жылданан кейінгі үш қаржы жылды жоспарлы кезең болып табылады;

3) "бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның коды және атауы көрсетіледі.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыруға және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсетуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атауы жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің мазмұны және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді немесе мемлекеттік орган қызметінің бағыттарын көрсетеді.

Нысаналы трансферттер мен бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары нысаналы трансферттер немесе бюджеттік субсидиялар арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың нысаналы мақсатын көрсетеді.

Жалпы сипаттағы трансферттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жалпы сипаттағы трансферттердің түрі мен берілетін бюджет деңгейін көрсетеді.

Бюджеттік кредиттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары жергілікті бюджеттерді не қарыз алушыны кредиттеу кезінде бюджет деңгейін, сондай-ақ осы бюджеттік кредиттер арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың бағыттарын көрсетеді.

Бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары бөлінетін бюджет қаражатының нысаналы бағытын көрсетеді.

Занды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысумен байланысты бюджеттік бағдарламалардың атаулары занды тұлғаның атауын және жарғылық капиталға қатысу арқылы жүзеге асырылатын шығыстардың нысаналы бағытын көрсетеді.

Күрделі шығыстарды жүзеге асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары мемлекеттік органды, оның аумақтық органдарын не ведомстволық бағынысты ұйымдарды көрсетеді.

Мемлекеттің міндеттемелерін орындауға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары мемлекет қабылдаған міндеттемелерді орындау бойынша шығыстардың мазмұнын көрсетеді.

Нысаналы салым салуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қызметіне нысаналы салым салу жүзеге асырылатын ұйымның атауын көрсетеді.

Нысаналы аударуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың атаулары қызметіне нысаналы аудару жүзеге асырылатын ұйымның атауын көрсетеді;

4) "Бюджеттік бағдарламаның басшысы" деген жолда тиісті бұйрықпен айқындалған бюджеттік бағдарлама басшысының аты-жөні, тегі және лауазымы көрсетіледі.

Мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде бюджеттік бағдарламаның басшысы ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі, әкім аппаратының басшысы не әкімнің әкімдік қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін орынбасары, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшылары не бірінші басшының мемлекеттік орган қызметінің тиісті бағыттарына жетекшілік ететін орынбасарлары болып табылады;

5) "Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі" деген жолда осы бюджеттік бағдарлама шеңберінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жүзеге асыратын мемлекеттік функциялар мен өкілеттіктерді, сондай-ақ осы бюджеттік бағдарламаның қажеттілігін негіздейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тақырыбы, қабылданған күндері мен тіркеу нөмірлері көрсетіледі

Бұл ретте нормативтік құқықтық актілердің құрылымдық элементтері көрсетіледі;

6) "Бюджеттік бағдарламаның түрі" деген жолда:

"мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты" деген жолда бюджеттік бағдарламаның мынадай түрлерінің бірі көрсетіледі:

республикалық;

облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың;

аудандық (қалалық);

республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыстық маңызы бар қала бюджеттерінің құрамында бекітілетін қаладағы ауданның бюджеттік бағдарламалары;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің құрамында бекітілетін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары көрсетіледі;

"мазмұнына байланысты" деген жолда бюджеттік бағдарламаның мынадай түрлерінің бірі көрсетіледі:

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсете;

трансфертер мен бюджеттік субсидиялар беру;

бюджеттік кредиттер беру;

бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру;

күрделі шығыстарды жүзеге асыру;

мемлекет міндеттемелерін орындау;

нысаналы салым салу;

нысаналы аударым;

"іске асыру тәсіліне қарай" деген жолда жеке не бөлінетін бюджеттік бағдарлама көрсетіледі;

"ағымдағы/даму" деген жолда ағымдағы бюджеттік бағдарлама не бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсете, күрделі шығыстарды жүзеге асыру, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру, трансфертер мен бюджеттік субсидиялар беру жөніндегі шығындарды қамтитын бюджеттік бағдарламалар бойынша "мазмұнына байланысты", "ағымдағы/даму" деген жолдар бойынша бюджеттік бағдарламаның түрі көрсетілмейді;

7) "Бюджеттік бағдарламаның мақсаты" деген жолда бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізу болжанатын мемлекеттік органның мемлекеттік органның даму жоспарының стратегиялық бағыттарымен, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының мақсаттарымен, мемлекеттік органның ережелерінде айқындалған өкілеттіктермен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен байланыстырылған белгілі бір нәтиже келтіріледі.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты анық, нақты және қолжетімді болуға тиіс;

8) "Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері" деген жолда мемлекеттік органның даму жоспарының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді сандық тұрғыдан өлшейтін, мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштері көрсетіледі.

Егер бюджеттік бағдарлама мемлекеттік органның даму жоспарының бір мақсатына сәйкес болса, онда бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесі ретінде мемлекеттік органның даму жоспарының осы мақсатының нысаналы индикаторлары көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері:

анық, айқын және нақты болуга тиіс;

бюджеттік бағдарламаның сандық көрсеткіштері мен оған қол жеткізудің нақты күнін (кезеңін) (белгілі бір уақыт аралығында, жоспарлы кезеңнің сонында, жоспарлы кезеңнің жылдары бойынша бөліністе) айқындау жолымен бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалы қорытындысын көрсетуге тиіс;

мемлекеттік органның даму жоспарында не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті даму жоспарында айқындалған нысаналы индикаторлармен өзара байланыстырылады;

абсолютті, салыстырмалы немесе пайыздық шамаларда беріледі және ақшалай мәндеге көрсетіле алмайды.

Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және олардан туындастырын, тұрақты сипаттағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қызметтің қамтамасыз етуге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтижелер олардың көрсеткіштерін көрсетпестен айқындалады.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, бөлінетін бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері бөлінетін бюджеттік бағдарламаны бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижелері бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері түпкілікті нәтижелерді көрсетпейді.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Бюджет кодексінің 31-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес айқындалатын бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті

нәтиже көрсеткіштері қаржы-экономикалық негізdemелерге және (немесе) техникалық-экономикалық негізdemелерге сәйкес көрсетіледі;

9) "Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі)" деген жолда жоспарланатын бюджет қаражатының мемлекеттік органның даму жоспарында немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті дамыту жоспарында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланыстырылығы ашып көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі) бюджеттік бағдарламаның жоспарланып отырган бюджет қаражатының негізdemелерін, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылдының сомасынан ауытқу себептерін қамтуға тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі) бюджеттік бағдарламаның нәтижесіне қол жеткізу тәсілдері мен әдістерін қамтуы мүмкін, сондай-ақ барынша қысқа, айқын және нақты болуға тиіс;

10) "Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар" деген кестеде есептік деректер бойынша алдыңғы қаржы жылдының, ағымдағы қаржы жылдының және жоспарлы кезеңге арналған жылдар бойынша бөлінісінде бюджеттік бағдарламаның теңгемен көрсетілген шығыстардың жиынтық сомасы көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансфертерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестиациялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік кіші бағдарламалары жоқ бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарлама шығыстары төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде әрбір бюджеттік инвестиция бойынша көрсетіледі;

11) "Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы" деген жолда бюджеттік кіші бағдарламаның бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес коды және атауы көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламада бюджеттік кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл жол көрсетілмейді;

12) "Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі" деген жолда мазмұнына байланысты бюджеттік кіші бағдарламаның түрі көрсетіледі, сондай-ақ ағымдағы кіші бюджеттік бағдарлама не кіші бюджеттік даму бағдарламасы көрсетіледі;

13) "Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі)" деген жолда бюджеттік кіші бағдарламаның қысқаша сипаттамасы және бюджеттік бағдарламаның мақсаты мен міндетіне қол жеткізуге кіші бағдарламаның іске асырылуының ықпал етуін бағалау келтіріледі.

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі) бюджеттік бағдарламаның сипаттамасын (негізdemесін) қайталамауы тиіс.

Бюджеттік бағдарламада бюджеттік кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл жол көрсетілмейді;

14) "Тікелей нәтиже көрсеткіштері" деген кестеде қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызмет көрсететін мемлекеттік органның қызметіне толық тәуелді болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер мен көрсетілетін қызметтер көлемінің санмен өлшенетін сипаттамалар көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламада бюджеттік кіші бағдарламалар болған жағдайда, бұл кесте әрбір кіші бағдарлама бойынша толтырылады.

Тікелей нәтиже көрсеткіштері:

есептік деректер бойынша есепті қаржы жылы, ағымдағы қаржы жылы бойынша және жылдар бойынша бөліністе жоспарлы кезеңге көрсетіледі;

объективті түрде мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерін көрсетеді және бюджеттік бағдарлама басшысының жетекшілік ететін саласына сәйкес келеді;

бюджеттік бағдарламада көзделген бюджет қаражаты есебінен жоспарлы кезеңнің белгілі бір қаржы жылында қол жеткізу болжанатын мемлекеттік орган қызметінің барлық нәтижелерін қамтиды;

бюджеттік бағдарламаның мақсатымен өзара байланысады;

абсолюттік шамаларда көрсетіледі және осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, салыстырмалы немесе пайыздық шамаларда, сондай-ақ ақшалай мәнде көрсетіле алмайды.

Бір бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) шегінде өзара және бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) арасында тікелей және түпкілікті нәтижелердің өзара қайталануына жол берілмейді.

Бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың тікелей нәтижелері бөлінетін бюджеттік бағдарламалар есебінен қаражат алатын бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларында көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалануға бағытталған бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлетін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тікелей нәтижелер көрсеткіштерін көрсетпейді.

Нысаналы даму трансфертері және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері жергілікті бюджеттік инвестициялар бөлінісінде көрсетіледі.

Бюджет қаражаты есебінен бірлесіп қаржыландыруды көздейтін бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша тікелей нәтижелер нысаналы

трансферттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі айқындаған қарыз шарттарының, гранттар туралы келісімдердің, жергілікті бюджеттен бірлесіп қаржыландырудың талаптарына сәйкес айқындалады.

Бюджет кодексінің 46-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес төмен тұрған бюджеттердің кірістері бойынша шығындарды өтеуге бағытталған нысаналы ағымдағы трансферттерді қоспағанда, нысаналы ағымдағы трансферттерді беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері төмен тұрған бюджеттердің бөлінісінде көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштерінде төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде бюджеттік инвестициялардың жалпы саны көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Бюджет кодексінің 31-бабының 1-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес айқындалатын бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштері қаржы-экономикалық негізdemelerге және (немесе) техникалық-экономикалық негізdemelerге сәйкес көрсетіледі;

15) "Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері" деген жолда бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері көрсетіледі.

Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидиялар беруге бағытталған бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша көрсетіледі.

Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштерін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекеттік инвестициялық жобалардың жоспарлануы кезеңінде ресімделген құжаттардың негізінде Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129

бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестиацияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) б және 12-тармақтарының талаптарына сәйкес көрсетеді.

Бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстарың экономикалық әсерінің көрсеткіштерін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Бюджет кодексі 67-бабының б-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдары айқындаған тәртіпке сәйкес айқындалған бюджеттік субсидиялардың экономикалық әсеріне сәйкес көрсетеді.

Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштерін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері әрбір бюджеттік кіші бағдарлама бойынша бюджеттік инвестициялық жобалар, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысусы арқылы бюджеттік инвестициялар және бюджеттік субсидиялардың түрлері бөлінісінде толтырады;

16) "Бюджеттік кіші бағдарламаның шығыстары" деген кестеде ағымдағы қаржы жылдының есепті деректері бойынша алдыңғы қаржы жылдындағы және жылдар бөлінісінде жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстардың қорытынды сомасы мың теңгемен көрсетіледі.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы даму трансфертерін және (немесе) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға немесе қаржы агенттіктерінің мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруына бағытталған бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік кіші бағдарламалар бойынша бюджеттік кіші бағдарлама шығыстары төмен тұрған бюджеттер бөлінісінде әрбір бюджеттік инвестиция бойынша олардың атауын көрсете отырып көрініс табады.

Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламада бұл кесте көрсетілмейді.

9. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері:

ағымдағы қаржы жылдының 15 наурызына дейінгі мерзімде ведомствоның бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік бағдарламалардың жобаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға;

15 мамырға дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындылары ескеріле отырып пысықталған бюджеттік бағдарламалардың жобаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдар бюджеттік бағдарламалардың жобаларын Бюджет кодексінің 68-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес қарайды.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламалар жобаларын ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарына ұсынылатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінен қаржыландырылатын жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қоспағанда, бюджеттік бағдарламалар жобаларын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органдарға ұсынады.

3-тaraу. Бюджеттік бағдарламаларды бекіту (қайта бекіту) тәртібі

10. Бюджеттік бағдарламалар бюджеттік бағдарламалар әкімшілері басшыларының бүйрығымен бекітіледі.

11. Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін бюджеттік жоспарлау және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бүйрығымен бекітіледі.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары республикалық бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бүйрығымен бекітіледі.

12. Бюджет қаражаты жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген жағдайда бюджетті нақтылау немесе түзету осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

13. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі басшысының бүйрығымен бекітіледі.

14. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің жобалары аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері бекітілгеннен кейін ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі басшысының әкімімен бекітіледі.

15. Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың жобалары нысаналы трансферттерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісімен және төмен тұрған бюджеттің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі тиісті жергілікті уәкілетті органымен келісу бойынша ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі басшысының бүйрығымен бекітіледі (қайта бекітіледі).

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің бекітілген (қайта бекітілген), төмен тұрған бюджет нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік кредиттерді беруге бағыттаған бюджеттік бағдарламаларды республикалық немесе облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері олар бекітілген (қайта бекітілген) күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарының назарына жеткізеді.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің бекітілген (қайта бекітілген), төмен тұрған бюджеттерге нысаналы даму трансферттерін және (немесе) бюджеттік кредиттер беруге бағытталған бюджеттік бағдарламаларды аудандық (қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері олар бекітілген (қайта бекітілген) күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының назарына жеткізеді.

16. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті тексеру комиссиясы төрағасының бүйрығымен бекітіледі.

17. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) мәслихаттары аппараттарының бюджеттік бағдарламаларының

жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталады және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті мәслихат хатшысының өкімімен бекітіледі.

18. Республикалық бюджеттік бағдарламалар:

Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен немесе бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті нақтылау;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті түзету кезінде қайта бекітіледі.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджетті түзету туралы қаулыларын нақтылау немесе қабылдау кезінде олардың қаржыландыру көлемі, нәтижелер көрсеткіштері мен бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері өзгерген жағдайда қайта бекітіледі.

Мемлекеттік органдар мен оларға ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер құрылған, таратылған, қайта ұйымдастырылған, функциялары мен штат санының лимиттері өзгерген жағдайларда бюджетті түзетуге байланысты тиісті бюджеттік бағдарламалар өткізу актісі мен бөлу теңгеріміне сәйкес олардың қаржыландыру көлемдері, нәтижелер көрсеткіштері мен бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсері көрсеткіштерінің өзгеруімен қайта бекітіледі.

Қағидалардың осы тармағының үшінші бөлігіне байланысты емес бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде өзгерістер осы Қағидаларға 1-қосымшаның "Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері", "Тікелей нәтиже көрсеткіштері", "Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері" және "Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар" кестелеріндегі 5-баған бойынша жоспарлы кезеңнің бірінші қаржы жылына көзделген қаржыландыру көлемдері, нәтижелер көрсеткіштері мен бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері бойынша енгізіледі.

19. Бюджеттік бағдарламалардың жобалары осы Қағидалардың 11-18-тармақтарында көрсетілген мемлекеттік органдармен келісіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың жобаларымен бірге:

бюджеттік бағдарламаларды бекіту (қайта бекіту) туралы бұйрықтың жобасын;

мемлекеттік органның даму жоспарының жобасын немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті даму жоспарын;

осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде тиісті бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесін;

осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламаларды қайта бекіту кезінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламаларға енгізілген өзгерістердің салыстырма кестесін енгізеді.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы мақұлданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бір мезгілде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға адресаты "Мемлекеттік органдарға (тізім бойынша)" деп көрсетіле отырып және аталған мемлекеттік органдардың тиісті тізімін қоса берумен, мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның орынбасары қол қойған бір ілеспе хатпен келісуге ұсынылады.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы мақұлданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен келісуге ұсынылады.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары тиісті жергілікті бюджеттің мәслихаты бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына келісуге ұсынылады.

Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаты тиісті жергілікті бюджетті бекіткеннен

кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына келісуге ұсынылады.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың жобалары бір мезгілде жоғары тұрған бюджеттің нысаналы трансфертерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді аударатын бюджеттік бағдарламалары әкімшісіне мемлекеттік органның бірінші басшысы не оның орынбасары қол қойған ілеспе хатпен келісуге ұсынылады.

Бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуге алған кезде мемлекеттік органдар оларды басқа мемлекеттік органдармен келісуді талап етпейді.

Бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуден бас тартқан жағдайда бас тарту себебі негізделеді.

Бюджеттік бағдарламалардың жобалары келісуге жіберілген мемлекеттік органдар оларды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалар жобаларын ұсынған бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын дайындауды немесе олардың жоқ екендігі туралы хабарлайды.

Мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша ескертулерінде кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар қамтылуға тиіс, сондай-ақ тікелей оның құзыреті мәселелеріне қатысты, негізделген және толық болуға тиіс.

Ескертулер болған жағдайда, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын, қажет болған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі пысықтайды.

Келісетін мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстары ескеріле отырып пысықталған, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы қол қойған бюджеттік бағдарламалардың жобалары ескертулер мен ұсыныстар алынған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде келісетін мемлекеттік органға қарауға не келісуге қайта енгізіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың жобалары қайта келісуге жіберілген келісетін мемлекеттік органдар оларды қарайды және өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жібереді немесе олардың жоқ екендігі туралы бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуге ұсынған бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне оларды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Келісетін мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстары ескеріле отырып қайта пысықталған бюджеттік бағдарламалардың жобалары ескертулер мен ұсыныстарды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде келісетін мемлекеттік органға қарауға не келісуге қайта енгізіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың жобалары қайта келісуге жіберілген келісетін мемлекеттік органдар оларды қарайды және өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жібереді немесе олардың жоқ екендігі туралы бюджеттік бағдарламалардың жобаларын

келісуге ұсынған бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне оларды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

Бюджеттік бағдарламалардың жобалары бойынша барлық ескертулер мен ұсыныстарды жойғаннан кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы қол қойған бюджеттік бағдарламаларды бекіту (қайта бекіту) туралы бұйрықты келісуге енгізеді.

Келісуші мемлекеттік органдардың ескертулерімен келіспеген жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі осындай әрбір ескерту бойынша келіспейтіндігін жазбаша түрде негіздей отырып, бюджеттік бағдарламалардың жобаларын бұрыштама қол қоюға жібереді.

Келісуші мемлекеттік органдарға "ескертулері бар" бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуге жол берілмейді.

Келісуші мемлекеттік орган тұжырымдамалық сипаттағы ескертулердің болуына байланысты бюджеттік бағдарламаның жобасын келісуден бас тартқан жағдайда, мұндай мемлекеттік орган осындай ескертулерді жоюодың өзара онтайлы шешімін көрсете отырып, дәлелді жауап береді.

Бұл ретте, мемлекеттік органдарға бюджеттік бағдарламалардың жобаларын келісуден олар берген ескертулерді жоюодың өзара онтайлы шешімін көрсетпей бас тартуға жол берілмейді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының қосымшалары бар бюджеттік бағдарламаларды бекіту жөніндегі бұйрығына осы бұйрықты келісуге жіберген мемлекеттік органның бюджеттік бағдарламаларды әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысы, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы не оны ауыстыратын тұлға қол қояды.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысының не олар уәкілеттік берген лауазымды тұлғалардың бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Мемлекеттік органның даму жоспарын әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның бұрыштама қол қоюымен ресімделеді.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісу облыстар, республикалық маңызы бар

қалалар, астана, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның бұрыштама қол қоюмен ресімделеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округтің бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын түпкілікті келісү ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның бұрыштама қол қоюмен ресімделеді.

Жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған жергілікті бюджеттік бағдарламалардың жобаларын нысаналы трансфертерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді бөлетін жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалары әкімшісінің түпкілікті келісуі бюджетті бекіту кезінде ағымдағы қаржы жылышының 20 желтоқсанынан кешіктірмей бюджетті нақтылау не түзету кезінде нысаналы трансфертерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді аударатын жоғары тұрған бюджеттің келісетін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің ескертулері мен ұсыныстары жойылғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде осы нысаналы трансферті бөлу жөніндегі жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасы басшысының бұрыштама қол қоюмен ресімделеді.

Бұрыштама қол қою мемлекеттік орган басшысының не ол уәкілеттік берген лауазымды тұлғаның лауазымының атауын, бұрыштама қол қоятын адамның жеке қолын, оның қолының толық жазылуын, күні мен елтаңбалы мөрді қамтиды.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның не мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бюджеттік бағдарламаларды келісү грифі бюджеттік бағдарламаларды бекіту туралы бұйрықтың соңғы бетінің төменгі сол жақ бұрышында орналастырылады және "КЕЛІСІЛДІ" деген сөзден тұрады.

Нысаналы трансфертерді және (немесе) бюджеттік кредиттерді бөлетін жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісінің жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер және (немесе) бюджеттік кредиттер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды келісү грифі тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаның бірінші бетіндегі "КЕЛІСІЛДІ" деген жолда орналастырылады.

Мемлекеттік органдармен түпкілікті келісілген бюджеттік бағдарламаның мәтініне түзетулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

20. Бюджеттік бағдарламаларға бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бастamasы бойынша бюджеттік бағдарлама бойынша жылдық қаржыландыру көлемін өзгертпей мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдардың келісіуінсіз немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның

келісуі бойынша Бюджет кодексінің 85-бабы 9-тармағының екінші бөлігінде, 9-1, 9-3-тармақтарында көзделген жағдайларда өзгерістер енгізіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері өз бастамасы бойынша бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізген кезде үш жұмыс күні ішінде тиісінше бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға хабардар ету тәртібімен бюджеттік бағдарламаларға бекітілген өзгерістерді жолдайды.

21. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген және олар қайта бекітілген кезде бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту кезінде осы Қағидаларда белгіленген талаптар сақталады.

22. Бюджеттік бағдарлама бекітілгеннен кейін ол үш жұмыс күн ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Бюджеттік бағдарламаларды
(кіші бағдарламаларды) әзірлеу
және бекіту (қайта бекіту)
қағидалары және олардың
мазмұнына қойылатын
талаптарға
1-қосымша

Нысан

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі
басшысының (облыстың,
респубикалық маңызы бар
қаланың, астананың тексеру
комиссиясы төрағасының,
облыстың, респубикалық
маңызы бар қаланың, астананың,
ауданының (облыстық маңызы
бар қаланың) мәслихаты
хатшысының)
20 жылғы № бүйрекімен
(әкімімен) бекітілген
"КЕЛІСІЛДІ"*

Нысаналы трансфертерді
белетін жоғары тұрған
бюджеттің бюджеттік
бағдарламасының
басшысы

(кол, аты, әкесінің аты, тегі)

20 жылғы

мөрдің орны

Бюджеттік бағдарлама

бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы

жылдарға арналған

Бюджеттік бағдарламаның коды және атауы _____

Бюджеттік бағдарламаның басшысы _____

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі _____

Бюджеттік бағдарламаның түрі: _____

мемлекеттік басқару деңгейіне қарай _____

мазмұнына қарай _____

іске асырылу тәсіліне қарай _____

ағымдағы/даму _____

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: _____

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: _____

Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі) _____

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Олшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең		
				1	2	3
...						
...						

**(Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда тікелей нәтиже
көрсеткіштері бағдарлама бойынша толтырылады)**

Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық
капиталдарын
қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген
шығыстардын экономикалық әсерінің көрсеткіштері

**(Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда экономикалық
әсерінің**

көрсеткіштері бағдарлама бойынша толтырылады)

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы			
Бюджеттік бағдарлама	Олшем бірлігі	Есепті жыл	Жоспарлы кезең

бойынша шығыстар			Ағымдағы жылдың жоспары		
...	мың теңге				
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың теңге				

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атауы: _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның түрі:

мазмұнына қарай _____

ағымдағы/даму _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі)

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең		
...						
...						

Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын

қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар, барлығы						
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жылдың жоспары	Жоспарлы кезең		
...	мың теңге					
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың теңге					

Ескертпе: * осы жол жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер есебінен іс-шараларды іске асыруға бағытталған бюджеттік бағдарламалар бойынша толтырылады

Бюджеттік бағдарламаларды
(кіші бағдарламаларды) әзірлеу

және бекіту (қайта бекіту)
 қағидалары және олардың
 мазмұнына қойылатын
 талаптарға
 2-қосымша

Нысан

Бюджеттік бағдарламаларға енгізілген өзгерістердің салыстырма кестесі

(бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізу дің себебі көрсетіледі)

P/т №	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының бүйріғымен бекітілген бюджеттік бағдарлама		
1	2		
	Бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы _____		
	Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: _____ _____		
	Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)		
	Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең
	...		
	...		
	(Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесінің көрсеткіштері бюджеттік кіші бағдарламалар болмаған жағдайда көрсетіледі)		
	Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері		
	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/>		
	(Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда экономикалық әсерінің көрсеткіштері бағдарлама бойынша толтырылады)		
	Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең
	...	мың теңге	
	Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың теңге	

<p>Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атаяу _____</p> <hr/> <p>Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі)</p>	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="text-align: left;">Тікелей нәтиже көрсеткіштері</th><th style="text-align: left;">Өлшем бірлігі</th><th style="text-align: left;">Жоспарлы кезең</th></tr> </thead> <tbody> <tr><td>...</td><td></td><td></td></tr> <tr><td>...</td><td></td><td></td></tr> </tbody> </table> <p>Бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері</p> <hr/> <hr/> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="text-align: left;">Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар</th><th style="text-align: left;">Өлшем бірлігі</th><th style="text-align: left;">Жоспарлы кезең</th></tr> </thead> <tbody> <tr><td>...</td><td>мың тенге</td><td></td></tr> <tr><td>Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар жиыны</td><td>мың тенге</td><td></td></tr> </tbody> </table>	Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең			Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең	...	мың тенге		Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың тенге	
Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең																	
...																			
...																			
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең																	
...	мың тенге																		
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың тенге																		

Кестенің жалғасы

<p>Бюджеттік бағдарлама енгізілген өзгерістерімен (түзету немесе нақтылау кезіндегі өзгерістер қалың шрифтпен белгіленеді)</p>	<p>Аудитқу (бюджеттік бағдарлама бойынша бекітілген сомадан ұлғайту немесе азайту сомасын көрсетіледі (+/-))</p>	<p>Негіздеме (тиісті бюджет комиссиясы шешіміне (егер ондай бар болса) сілтемесімен өзгерістер мен толықтырулар енгізуудің себептері)</p>
3	4	5
Бюджеттік бағдарламаның коды мен атаяу _____		
Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижелері: _____		
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)		
<p>Тікелей нәтиже көрсеткіштері</p>	<p>Өлшем бірлігі</p>	<p>Жоспарлы кезең</p>
...		
...		
(Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесінің көрсеткіштері		

бюджеттік кіші бағдарламалар болмаған жағдайда көрсетіледі) Бюджеттік инвестициялық жобаларға, занды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері

(Бюджеттік бағдарламада кіші бағдарламалар болмаған жағдайда экономикалық әсерінің көрсеткіштері бағдарлама бойынша толтырылады)

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең		
...	мың теңге			
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың теңге			

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды мен атавы _____

Бюджеттік кіші бағдарламаның сипаттамасы (негізdemесі)

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең		
...				
...				

Бюджеттік инвестициялық жобаларға, занды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделген шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштері

Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең			
...	мың теңге				
Бюджеттік кіші бағдарлама бойынша шығыстар жиыны	мың теңге				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК